

Пайдалану бойынша нұсқаулық

DEXP

DEXP МEB-201

электр шәйнегі

Мазмұны

Сақтық шаралары	4
Құрылғының сұлбасы	6
Пайдалану нұсқаулығы	6
Қызмет көрсету және күтім жасау	7
Техникалық сипаттамалар.....	7
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары.....	8
Қосымша ақпарат	9

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз.

Біз Сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдаланбас бұрын, қауіпсіздік туралы маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Шәйнек тұрмыстық жағдайларда суды ысытып қайнатуға арналып жасалған.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны қуат көзіне жалғамас бұрын, үйдегі электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіп алыңыз.
- Пайдаланылмаса, сондай-ақ тазаламас бұрын құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғыны тегіс тұрақты бетке орнықтырыңыз. Құрылғыны жылу көздеріне (жылытқыштар, жылыту батареялары және т.б.), ыстық беттерге (электр немесе газ плиталары) жақын қоймаңыз.
- Құрылғының кейбір бөліктері жұмыс барысында қатты қызады. Сыртындағы ыстық бедерлеріне қолдарыңызбен жанаспаңыз, құрылғыны сабын пайдаланыңыз. Бу қарып кетпес үшін жұмыс істеген кезде өте абай болыңыз.
- Су қайнап тұрған кезде шәйнектің қақпағын ашпаңыз.
- Керекті көлемнен асыра шәйнекке су толтырмаңыз, өйткені ол қайнаған кезде асып төгілуі мүмкін. Су деңгейі максималды белгіден аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны сусыз немесе жеткіліксіз сумен қоспаңыз. Су деңгейі максималды белгіден аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы судан басқа сұйықтықты қайнатуға арналмаған.
- Қуаттау сымы беттің (мысалы, үстелдің) шетінде салбырап тұрмауы керек. Қуат сымының ыстық бетке және өткір жиектерге тимейтініне көз жеткізіңіз. Артық сымды платформадағы арнайы сақтау орнына ораңыз.
- Құрылғының қуат тұтынуына арналған ұзартқышты жерге қосу арқылы пайдаланыңыз.
- Электр тогының соғуына және жарақат алуға жол бермеу үшін құрылғыны, оның сымын, айырын суға және басқа да сұйықтықтарға салмаңыз.
- Сымы немесе ашасы бүлінген құрылғыны пайдалануға болмайды. Қуаттау сымын ауыстыру үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Құрылғының саңылауларына қандайда бір заттарды салуға болмайды.
- Балалардың қасында шәйнек қолданған кезде абай болыңыз.

- Құрылғыны өз бетіңізбен ашып бөлшектеп, жөндеуге болмайды. Егер құрылғының жұмысында ақаулар болса, оны дереу тоқтатыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біліктілігі жоқ тұлға орындап жасаған жөндеу пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайларға апарып соқтыруы әбден мүмкін.
- Құрылғыға зақым келтірмеу немесе жарақат алмау үшін өндіруші ұсынбаған аксессуарларды пайдаланбаңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналып жасалмаған.
- Құрылғыны бөлмеден тыс жерлерде пайдалануға болмайды.
- Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған. Балаларға осы құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Шайнекті қоспас бұрын, қақпақтың жабық екеніне көз жеткізіңіз. Ешқашан суды ашық қақпақпен қыздырмаңыз.
- Құрылғы тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсаттарға арналған.
- Құрылғыны қуаттау желісінен ағытқан кезде қолмен оның айырынан ұстаңыз, қуаттау сымынан тартуға болмайды.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының жанына тез тұтанатын немесе жарылыс қаупі бар заттарды қоюға болмайды.

Құрылғының сұлбасы



1. Шүмегі.
2. Қақпақ.
3. Қақпақты ашатын түйме.
4. Тұтқасы.
5. Жарық индикаторы
6. Қосу/өшіру түймесі.
7. Платформа.

**Құрылғының сыртқы түрі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.*

Пайдалану нұсқаулығы

Алғаш пайдаланар алдында және ұзақ пайдаланғаннан кейін шәйнекке максималды деңгейіне дейін су құйып, оны қайнатып, төгу керек. Шәйнекті ықтимал ластанудан тазарту үшін осы процедураны 2 рет қайталаңыз.

1. Құрылғы тұтқасындағы қақпақты ашатын түймені басыңыз.
2. Шәйнекті платформадан шешіп, су толтырыңыз. Су деңгейі минималды және максималды белгілер арасында болуы керек.
3. Шәйнектің қақпағын жауып, оны платформаға қойңыз.
4. Қуаттау сымын электр желісіне қосыңыз. Шәйнекті тиісті түймені басып қосыңыз, жарық индикаторы қосылады.
5. Шәйнек қайнаған кезде автоматты түрде өшеді және жарық индикаторы сөнеді.
6. Шәйнекті платформадан шығарып алып, ыдысқа су құйыңыз.

Қызмет көрсету және күтім жасау

- Шәйнектің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны үнемі қақтан тазалаңыз.
- Құрылғы корпусын тазалау үшін химиялық заттарды, метал губкаларды және абразивті тазалау құралдарын пайдалануға болмайды.
- Тазалар алдында құрылғыны желіден ажыратып, суытыңыз.
- Аспапты суға батыруға болмайды. Құрылғының корпусын ылғал матамен сүртіп, кейін құрғатып сүртіңіз.
- Құрылғы шүмегіндегі сүзгіні жоғары тартып шығарып алыңыз. Сүзгіні таза сумен жуып, шәйнекке салар алдында жақсылап кептіріңіз.

Қақтан тазалау

1. Қақтан тазалау үшін сірке су ертіндісін пайдаланыңыз. Ол үшін 0.5 л ақ сірке суды құйып, максималды деңгейге дейін су толтырыңыз. Шәйнектегі ерітіндіні кемінде 1 сағатқа қалдырыңыз.
2. Шәйнектегі ерітіндіні төгіп тастаңыз. Қалған қақтарын дымқыл шүберекпен сүртіп тастаңыз.
3. Шәйнекке су толтырыңыз, қайнатыңыз және ағызыңыз. Бұл процедураны бірнеше рет қайталаңыз, содан кейін шәйнек пайдалануға жарамды болады.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: МЕВ-201.
- Қуат параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 1800 Вт.
- Көлемі: 1.7 л.
- Қызып кетуден қорғаныс.
- Корпустың материалы: тот баспайтын болат.
- Баусым ұзындығы: 0.8 м.
- Байланысу тобы: STRIX.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндірушінің қаптамасында 5°C – 40°C аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Үй жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Мидэа Консьюмер Электрик Мэньюфэкчеринг Ко., Лтд. Линьган тас жолы 19, Бэйцзяо, Шуньдэ, Фошань, Гуандун, Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР "Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамаларын жетілдіру үшін алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.7

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай.
Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



